

Садирбекова Динара Калымбековнаның «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған «Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

## ПІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Қазақстанның қазіргі рухани жаңғыру жағдайы мен төртінші өнеркәсіптік революцияға қадам басу дәуірінде мемлекеттің дүние жүзіндегі озық отыз елдің қатарына ену стратегиясындағы басты міндеттердің бірі бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру екендігі мәлім. Осыған орай білім беру саласында заманауи жасалып жатқан реформалар ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтардың білімді де білгір, ісмер де іскер, өздеріне жауапкершілік ала алатын, өздігінен шешімдер қабылдай білетін, стратегиялық мақсаттар қоя отырып, оларға қол жеткізе алатын болып тәрбиеленуін алдыңғы қатарға шығарады. Мәселен, Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында «Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру» әлеуметтік және экономикалық жағдайдың өзгеруіне ғана емес, бар қолданыстағы шындыққа белсенді ықпал етіп, оны жақсартуға дайын болатын ұрпақ тәрбиелеу екендігі айтылған. Ал, бұл өз кезегінде жоғары педагогикалық білім беру ұйымдарындағы болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы бірқатар мәселелерді зерттеуді қажет етеді. Соның бірі – оқушының тұлғасын, іс-әрекетін басқаруға, оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыруға мұғалімнің даярлығын жетілдіру.

«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында көрсетілген «қоғамдық сананы дамытудың» нәтижелі жүзеге асырылуы болашақ мұғалімнің бүгінгі жас ұрпақты саналы басқаруынан да талап етілетіндігі шындық. Осыған сәйкес болашақ мұғалімнің сынып ұжымын, оқушының жеке тұлғасын, сабақ үдерісін және т.б. адами қорларды қажетті деңгейде басқару үшін оның бойында жоғары педагогикалық білімнің болуымен қатар білім берудегі басқару саласынан арнайы құзыреттілігінің болуы қажет етіледі.

Оның үстіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында мемлекетте «білім беру саласындағы менеджменттің аз дамығандығы, оны дамыту қажеттілігінің» көрсетілуі, ұсынылып отырған зерттеу проблемасының аса өзектілігін дәлелдей түседі.

Осы тұрғыдан алғанда Динара Садирбекованың ұсынып отырған диссертациялық зерттеуін қоғамның сұранысынан шығатын, заман талабына сай, дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек деуге болады. Оны диссертацияның мазмұны айғақтайды.



## **2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі**

*Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген.*

1. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындаған. «Басқару», «басқарушылық құзыреттілік» ұғымдарын нақтылаған. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру түсінігінің мәнін анықтаған.

2. Педагог-менеджер тұлғасының құрылымын жасаған. Оған мазмұнды сипаттама берген. Педагог-менеджер ұғымына өз анықтамасын берген.

3. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін және оның мазмұнын жасаған, өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін негіздеген.

4. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру моделін тиімді жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтаған және үш кезеңнен тұратын әдістемесін жасаған.

*Осы аталған ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылығы* ізденушінің философия, педагогика, психология ғылымдары бойынша басқару, білім беру саласындағы басқару, басқарушылық іс-әрекет, басқарушылық құзыреттілік мәселесі қарастырылған шетелдік және отандық еңбектерге талдау беруімен; басқару стилі, түрлері, бағыты, функциясы зерделенген зерттеулерге және басқарудың гумандық бағыты көрініс тапқан еңбектерге жасаған талдауымен; басқару, басқарушылық құзыреттілік түсініктерін нақтылауымен; педагог-менеджер құрылымын дәлелді негіздеуімен және оны мазмұнды сипаттауымен; оның құрылымдық-мазмұндық моделін жасауымен, педагогикалық шарттарын айқындауымен; болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасауымен, оны оқу-тәрбие үдерісіне ендірумен айқындалады.

## **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі**

*Жоғарыда аталған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығына тоқталатын болсақ,* ізденуші философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау арқылы болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру проблемасының зерттелу деңгейіне аса мән берген. Қазақстанда білім беру саласындағы менеджмент мәселесінің ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап зерттеле бастағандығын анықтап, содан бастап 2017 жылға дейінгі осы саладағы зерттеулерді бес топқа топтастырған (Дисс.:1.1). Соның негізінде болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелмегенін анықтаған және оның зерттелу қажеттігін дәлелді негіздеген. «Басқару», «басқарушылық құзыреттілік» ұғымдарына терең бойлауы арқылы осы ұғымдардың мәнін нақтылаған (Дисс.:1.1). Басқару, менеджмент ұғымдарының арақатынасын анықтаған. Білім беру саласындағы басқару деңгейлерін анықтай отырып,



оның ішнен мұғалімнің басқаруы аясында оның оқушы тұлғасының дамуын, сыныпты, сабақ үдерісін басқаруын бөліп көрсетіп, диссертациялық еңбегінде қарастыратын мәселелерін айқындап алуы диссертанттың өз зерттеу проблемасын жетік білетіндігін аңғартады. Оған қоса, басқарушылық іс-әрекетінің білім беру субъектілерінің өзара әрекеттестігін жүзеге асыруға бағытталатынын анықтап, өзінің айтылар ой-тұжырымдарының барлығы да осы негізгі ойдың төңірегінде құрылуы зерттеу мазмұнының логикалық сабақтастығын дәлелдеп қана қоймай, оның жаңалығының жаңа екендігіне күмән туғызбайды (Дисс.:1.1.; 1.2). Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудағы әдіснамалық тұғырларды (*жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, аксиологиялық, құзыреттілік*) анықтаған және дәлелді сипаттаған (Дисс.:1.1).

Бұл, айтылғанның бәрі, *біріншіден*, диссертанттың зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негізін жетік меңгергенін айғақтаса, *екіншіден*, зерттеудің *бірінші нәтижесінің жаңа* екендігін дәлелдейді.

*Зерттеудің екінші нәтижесінің жаңалығы сол*, Садирбекова Динара Калымбековна педагог-менеджер құрылымы мен оның мазмұнын анықтаған. Оны былайша жүйелеп көрсеткен: басқару *стилі* – демократиялық, *бағыты* – гумандық, *нысаны* – оқушының тұлғасын дамыту, сынып, сабақ үдерісі, *функциялары* – ақпараттық-аналитикалық, мотивациялы-мақсаттық, жоспарлы-болжамдық, ұйымдастырушы-орындаушылық, реттеуші-түзетушілік, *рөлі* – әдіскер, сарапшы, басқарушы, орындаушы, эмоционалдық реттеуші, шешен, шебер және т.б., *құзыреті* – тұлғалық, педагогикалық менеджерлік. Сондай-ақ, олардың әрбіріне мазмұндық сипаттама беруі аса құптарлық жағдай (Дисс.: 1.2).

Сонымен бірге, докторанттың *екінші жаңалығының жаңа екендігін* «педагог-менеджер», «болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігі» ұғымдарына берген анықтамалары негіздей түседі: «*педагог-менеджер* – демократиялық стильдегі, ізгілікті бағыттағы; әдіскер, сарапшы, басқарушы, орындаушы, эмоционалдық реттеуші, шешен, шебер рөліндегі; тұлғалық, педагогикалық, менеджерлік құзыреттерге ие пән мұғалімі», *болашақ педагогтің басқарушылық құзыреттілігі* оның оқушы тұлғасының дамуын, сыныпты, сабақ үдерісін басқару іс-әрекетін қамтамасыз ететін тұлғалық сапаларының, педагогикалық және менеджерлік білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жиынтығы» (Дисс.: 1.2. 63 бет).

*Докторанттың үшінші қол жеткізген нәтижесі де – жаңа*. Өйткені ол болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған және оны жан-жақты мазмұндаған. Модель мақсаттық, технологиялық, өлшемдік, ұйымдастырушылық болып табылатын төрт құрамдас бөліктен тұрады. Онда көрсетілген аталған қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары, мазмұны, әдіс-тәсілдері мен құралдары, формалары бағалау өлшемдері аса қызығушылық тудырады. Оған қоса диссертант болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптасқандығын айқындайтын мотивациялық-құндылықты, когнитивтік,



іс-әрекеттік және бағалаушылық-нәтижелік өлшемдерін және оған сәйкес көрсеткіштерін анықтаған. Соның нәтижесінде жоғары, орта, төмен деңгейлерін белгілеген және дәлелді негіздеген (Дисс.: 1.3).

*Төртінші нәтижесі де жаңа*, өйткені докторант болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасаған. Аталған әдістеменің ұтымдылығы мен кеңдігі және жүйелігі оның айқындаған педагогикалық шарттарын (басқаруды білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесуін жүзеге асыратын формалармен, құралдармен қамтамасыздандыру; өзара әрекеттестік негізінде оқытушы мен студент арасында тиімді қарым-қатынас орнату; педагогикалық практика үдерісінде оқытушы-студент-мұғалім оқу-кәсіби қоғамдастығын құру) негізге алуымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, әдістеменің рефлексиялық, танымдық, жобалаушылық кезеңдермен жүзеге асырылуы және оған сәйкес мазмұнмен, әдістермен, құралдармен және формалармен қамтамасыздандырылуын айрықша қолдауға болады. Докторанттың жасаған базалық міндетті пәндер (педагогика, білім берудегі менеджмент, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі); бейіндеуші міндетті пән (бағалаудың өлшемдік технологиялары) бағдарламаларының мазмұнына қосымшалары мен педагог-менеджер үйірмесінің іс-шаралары осы қалыптастыру мазмұнының толықтығын және терең зерттелегенін дәлелдейді (Дисс.: 2.1; 2.2).

Зерттеу барысында қол жеткізілген болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың динамикасы мен нәтижелері зерттеудің ғылыми болжамының дұрыстығын айқындайды (Дисс.: 2.3).

#### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы**

Докторанттың зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, әрбір бөлімдердің дара және идеялық байланыстылығымен, әр бөлімдерде берілген ой-тұжырымдармен, жұмыс қорытындысымен және автордың педагогика ғылымына және практикасына енгізген жаңалығымен сипатталады. Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арнап жазылған бұл диссертацияның педагогика ғылымы үшін маңызы өте жоғары. Өйткені, зерттеуде педагогика және психология мамандығы саласының бүгінгі таңдағы аса бір өзекті проблемасы алғаш рет шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика теориясында да, практикасында да үлкен сеніммен пайдалануға болады.

#### **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 11 (он бір) еңбекте жарық көрген. Соның ішінде 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1-еуі Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 3-еуі халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның 1-і шетелдік



халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, 3 оқу-әдістемелік құралдар жарияланды.

#### **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**

Диссертация мазмұнына, рәсімделуіне байланысты мынадай кемшіліктер мен ұсыныстар айтқымыз келеді:

1-нші ұсыныс ретінде. Докторанттың диссертацияда болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындауы, оның маңыздылығын анықтауы және оны сипаттап көрсетуі өте орынды (Дисс.:1.3). Әйткенмен, осы педагогикалық шарттарға бір параграф арнап, тереңірек талдау бергенде артық болмас еді.

2. Диссертанттың педагог-менеджер үйірмесінің үш бағыттан тұруы (шағын курстар; оқу жоспарынан тыс мектеп практикасы; студенттердің өзін-өзі басқару саясаты аясында тәрбие іс-шаралары) және оның мазмұнында қарастырылатын тақырыптар мен іс-шаралар тартымды да қызықты, көңілге қонымды шыққан (Дисс.:2.2). Олардың болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға тиімді ықпал ететіндігіне күмән жоқ. Алайда зерттеу жұмысында оның мазмұны толық қамтылғанда еңбектің практикалық құндылығы арта түскен болар еді.

3. Диссертацияның кей жерлерінде стилистикалық қателер де кездеседі.

Көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

#### **7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды**

Сонымен Садирбекова Динара Калымбековнаның «Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Рецензент:**

**«Біліктілікті арттырудың  
Қазақстандық өңіраралық  
орталығы» ЖШС-нің құрылтайшысы,  
п.ғ.д., профессор**



**Баймолдаев Т.М.**